2013 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 28 қаңтардағы № 256 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының әділет департаментімен 2013 жылғы 22 ақпанда № 2239 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімі аппаратының 2014 жылғы 22 қаңтардағы № 272 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімі аппаратының 22.01.2014 № 272 хатымен).

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 20 бабына және « Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 Қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру ережесінің 8-тармағына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2013 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және олардың қаржыландырудың көздері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмысқа қатысатын азаматтардың еңбекақысы айына тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жалақының ең төменгі мөлшері көлемінде бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ш.Халмурадовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі: *У.Қайназаров*

Сайрам ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 28 қаңтардағы № 256 қаулысымен бекітілген

2013 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұсынатын ұйымдардың тізбесі, жұмыстардың түрлері және қаржыландыру көздері

Р/с	Ұйымдардың атауы	Жұмыс түрлері	Қоғамдық жұмыстардың көлемі	Қоғамдық жұмысқа қатысушылар саны	Қаржыландыру көздері
1	Ауыл округтері әкімінің аппараттары	Еңбек рыногының негізгі индикатор көрсеткіштерін анықтау	тұрғындарды әр аула бойынша аралау және жұмыссыздар туралы мәлімет жинау (500 аула)	17	Жергілікті бюджет
2	Ауыл округтері әкімінің аппараттары	Жолдарды жөндеу; Көгалдандыру, ағаштар отырғызу, күтіп ұстау; Объектілерді салу және жөндеу	2 км 500 дана 10 нысан	145	Жергілікті бюджет
3	Ауыл округтері әкімінің аппараттары	Аумақты экологиялық сауықтыру және елді мекендерді көріктендіру	6 гектар	140	Жергілікті бюджет
4	Ауыл округтері әкімінің аппараттары	Құжаттарды өңдеу және сақтауға дайындауға көмек көрсету	1200 іс құжат	145	Жергілікті бюджет
5	«Сайрам ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды өңдеу және сақтауға дайындауға көмек көрсету	1500 іс құжат	10	Жергілікті бюджет
6	«Сайрам аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды өңдеу және сақтауға дайындауға көмек көрсету	800 іс құжат	5	Жергілікті бюджет
7	«Сайрам аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды өңдеу және сақтауға дайындауға көмек көрсету	2000 іс құжат	10	Жергілікті бюджет
8	«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің» Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталығы» Республикалық мемлекеттік	Құжаттарды өңдеу және сақтауға дайындауға көмек көрсету	2500 іс құжат	10	

	қазыналық кәсіпорны				Жергілікті бюджет
9	«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті Сайрам ауданының Әділет басқармасы» мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды өңдеу және сақтауға дайындауға көмек көрсету	2500 іс құжат	10	Жергілікті бюджет
10	«Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды өңдеу және сақтауға дайындауға көмек көрсету	2000 дана іс құжат	40	Жергілікті бюджет
11	«Сайрам аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды өңдеу және сақтауға дайындауға көмек көрсету	700 іс құжат	10	Жергілікті бюджет
12	«Сайрам аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды өңдеу және сақтауға дайындауға көмек көрсету	600 іс құжат	4	Жергілікті бюджет
13	«Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды өңдеу және сақтауға дайындауға көмек көрсету	600 іс құжат	4	Жергілікті бюджет
14	«Сайрам ауданы әкімдігінің « Болашақ» Сайрам балалар сауықтыру лагері» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	Балалар сауықтыру лагері аумағын көріктендіру, көгалдандыру	7 гектар	10	Жергілікті бюджет

15	«Оңтүстік Қазақстан облысының ішкі істер департаментінің Сайрам ауданының ішкі істер басқармасы» мемлекеттік мекемесі	Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысу	160 сағат	20	Жергілікті бюджет
	Барлығы:			580	

Ескертпе: қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары жұмыс берушімен және қоғамдық жұмысқа қатысатын азаматтың арасында жасалатын еңбек шартында көзделеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК